

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағындағы кейбір ұйымдарды қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 335 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңы 16-бабының 1-тармағына сәйкес және сотталғандардың еңбегін ұйымдастыруды жетілдіру және барлық еңбекке қабілетті сотталғандар үшін жұмыс орындарын ұлғайту жөнінде жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - кәсіпорын) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мыналар:

1) кәсіпорын қызметінің мәні қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

8

с ә у і р д е г і

N 3 3 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қосу жолымен қайта

ұйымдастырылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Астана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Астана қаласы кәсіпорны
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Ақтөбе" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Ақтөбе қаласы кәсіпорны
3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Атырау" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Атырау қаласы кәсіпорны
4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Тараз" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Тараз қаласы кәсіпорны
5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Орал" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Орал қаласы кәсіпорны
6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Қызылорда" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Қызылорда қаласы кәсіпорны

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Ақтау" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Ақтау қаласы
кәсіпорны
8. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Павлодар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Павлодар қаласы
кәсіпорны
9. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Қызылжар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Петропавл қаласы
кәсіпорны
10. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Шымкент" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Шымкент қаласы
кәсіпорны
11. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Семей" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Семей қаласы
кәсіпорны
12. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Алматы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Алматы қаласы
кәсіпорны
13. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің

кәсіпорны "Еңбек - Тас" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Алматы қаласы

14. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Көкшетау" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік Көкшетау қаласы

кәсіпорны
Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

8

сәуірдегі

N 335

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Республиканың мемлекеттік кәсіпорындар" деген 1-бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Түзеу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

реттік нөмірлері 2, 3, 5, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19 жолдар алынып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2016 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.